



13-02/79 29.05.2026



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж. Сейтжанова
2026 ж.

"ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ" АҚ
ECTS ТИПІ БОЙЫНША КРЕДИТТЕРДІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Е 406-2026

Күні	Көшірме	Басылым
		Үшінші

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Е 406-2026
"Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" АҚ ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есептеу тәртібі туралы ереже		3-ші басылым 11 беттің 2 беті

Шымкент

«ОҚМА» АҚ Тіркеу офісі **ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.**

«ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен **БЕКІТІЛДІ.**

Кезеңдік тексеру мерзімі - 3 жыл

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Е 406-2026
"Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" АҚ ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есептеу тәртібі туралы ереже		3-ші басылым 11 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Терминдер, анықтамалар, белгілер, қысқартулар.....	4
3. Процестің сипаттамасы.....	7
Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін ECTS бойынша бағаларды балдық-рейтингтік әріптік жүйеге аудару кестесі.....	9
Балдық-рейтингтік әріптік бағаларды ECTS бойынша бағалау жүйесіне аудару кестесі.....	9
4. Библиография.....	10

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Е 406-2026
"Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" АҚ ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есептеу тәртібі туралы ереже		3-ші басылым 11 беттің 4 беті

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ереже Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігінің нормативтік ұйымдық-өкімдік құжаттарын, "ОҚМА" АҚ Жарғысын, "ОҚМА" АҚ ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

- ISO 9000:2015 Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;
- ISO 9001:2015 Сапа менеджменті жүйелері;
- СБ 001-2024 Сапа менеджмент жүйесінің басшылығы;
- СТ 004-2024 Қызметтік құжаттарды басқару;
- СТ 007-2024 Жазбаларды басқару;
- СТ 008-2024 Сапа саласындағы қауіп-қатерлерді басқару;
- СТ 010-2024 Басшылық тарапынан талдау;
- СТ 020-2024 Ішкі аудит;
- СТ 012-2025. Профессор-оқытушылар құрамының әкімшілік-басқару персоналының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру.
- СТ 023-2024. «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарттары.

Осы ереже ОҚМА АҚ-да білім алушылардың кредиттерін қайта есептеудің жалпы тәртібін айқындайды және академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру және білім беру сапасын арттыру, шетелдік және қазақстандық жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастықты кеңейту және нығайту мақсатында әзірленген.

«ОҚМА» АҚ-ның кез келген қызметкері (оның лауазымына, құзыреттілігіне қарамастан) білім алушылармен әріптестері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті.

Қызметкер жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

Қызметкер жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін жеке жауапкершілікте болады.

Жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет ретінде қарастырылады.

2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Академиялық кезең (term) – білім беру ұйымы үш форманың бірінде дербес белгілейтін Теориялық оқыту кезеңі: семестр, триместр, тоқсан.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Е 406-2026
"Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" АҚ ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есептеу тәртібі туралы ереже		3-ші басылым 11 беттің 5 беті

Академиялық ұтқырлық дегеніміз - білім алушылардың немесе оқытушы-зерттеушілердің белгілі бір академиялық кезеңге: семестрге немесе оқу жылына басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) оқуға немесе зерттеу жүргізуге, игерілген білім беру бағдарламаларын өз ЖОО-да кредиттер түрінде міндетті түрде қайта есептей отырып немесе басқа ЖОО-да оқуын жалғастыру үшін орын ауыстыруы.

Академиялық еркіндік - білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуы үшін жағдай жасау және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдану мақсатында таңдау компонентінің пәндері, оқытудың қосымша түрлері және білім беру қызметін ұйымдастыру бойынша білім беру мазмұнын дербес анықтау үшін оларға берілетін білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктерінің жиынтығы.

Білім алушының академиялық рейтингі (Rating) - аралық аттестаттау нәтижелері бойынша жасалатын білім алушының пәндердің оқу бағдарламасын меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші.

Академиялық дәреже (Degree) - қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша тиісті білім беру оқу бағдарламаларын меңгерген білім алушыларға білім беру ұйымдары беретін дәреже.

Академиялық сағат - білім алушының оқытушымен сабақ кестесі бойынша оқу сабақтарының барлық түрлерінде (аудиториялық жұмыс) немесе жеке бекітілген кесте бойынша байланысу уақыты.

Білім алушының өзіндік жұмысы - өз бетінше оқуға бөлінген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тесттер, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, эсселер мен есептер түрінде бақыланатын тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жұмыс; білім алушылардың санатына қарай ол: студенттің өзіндік жұмысына; магистранттың өзіндік жұмысына; докторанттың өзіндік жұмысына бөлінеді және білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмысты талап ететін тапсырмалармен расталады.

Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы – бекітілген кесте бойынша жүргізілетін оқытушының жетекшілігімен білім алушының аудиториядан тыс жұмысы; білім алушылардың санатына қарай ол: оқытушының жетекшілігімен студенттің өзіндік жұмысы, оқытушының жетекшілігімен магистранттың өзіндік жұмысы және оқытушының басшылығымен докторанттың өзіндік жұмысы болып бөлінеді.

Тіркеуші кеңсесі - білім алушының оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды және оның академиялық рейтингін есептеуді қамтамасыз ететін Академиялық қызмет.

Бакалавриат - академиялық «Бакалавр» дәрежесін беретін жоғары білім беру бағдарламасы.

Магистратура - "Магистр" академиялық дәрежесі берілетін жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдарда ғылыми-педагогикалық кадрлар мен тереңдетілген ғылыми және кәсіптік даярлығы бар мамандарды даярлау нысаны.

Үлгерімді ағымдағы бақылау - академиялық кезең ішінде оқытушы аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда өткізетін оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылардың білімін жүйелі тексеру.

Аралық бақылау - бір оқу пәнінің бөлімі (модулі) аяқталғаннан кейін білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау.

Қорытынды бақылау - аралық аттестаттау кезеңінде емтихан түрінде өткізілетін оқу пәнінің бағдарламасын игеру сапасын бағалау мақсатында білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау. Егер пән бірнеше академиялық кезеңдерде оқылса, онда қорытынды бақылау осы академиялық кезеңде оқылған пәннің бөлігі бойынша жүргізілуі мүмкін.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Е 406-2026
"Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" АҚ ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есептеу тәртібі туралы ереже		3-ші басылым 11 беттің 6 беті

Аралық аттестаттау - емтихан сессиясы кезеңінде білім алушылардың оқу пәнінің оқу аяқталғаннан кейін оның бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын игеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Қорытынды аттестаттау - мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін игеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Пән бағдарламасы - оқытылатын пәннің сипаттамасын, пәннің мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, тақырыптары мен оларды оқу ұзақтығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, консультациялар уақытын, білім алушылардың білімін тексеру кестесін, оқытушының талаптарын, білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін және әдебиеттер тізімін қамтитын оқу бағдарламасы.

Білім беру бағдарламасын модульдік құру - білім алушының кәсіби құзыреттіліктерінің жиынтығы оқыту мақсаты ретінде әрекет ететін оқу процесін ұйымдастыру тұжырымдамасы негізінде білім беру бағдарламасының мазмұны мен құрылымын анықтау арқылы кәсіптік оқыту мақсатына қол жеткізу құралы.

Модуль - білім беру бағдарламасының дербес, оқу нәтижелері тұрғысынан аяқталған, білім алушылардың нақты тұжырымдалған білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері, барабар бағалау критерийлері бар құрылымдық элементі.

Модульдік білім беру бағдарламасы - білім алушылардың белгілі бір академиялық дәреже және/немесе біліктілік алу үшін қажетті негізгі құзыреттерді меңгеруіне бағытталған оқу модульдерінің жиынтығын қамтитын оқыту бағдарламасы.

Модульдік оқыту - білім беру бағдарламасын модульдік құру негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі.

Оқу модулі - білім алушылардың нақты оқу нәтижелерін игеруіне бағытталған білім беру бағдарламасының құрылымдық элементі, оның ішінде олар алған құзыреттер толығымен немесе ішінара қалыптасады.

Элективті пәндер - белгіленген кредиттер шеңберінде таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымдары енгізетін, білім алушының жеке даярлығын көрсететін, әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігін және нақты өңірдің қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері.

Пререквизиттер - оқытылатын пәнді игеру үшін қажетті білім, білік және дағдыларды қамтитын пәндер.

Постреквизиттер - осы пәнді оқуды аяқтағаннан кейін алынған білім, білік және дағдыларды қажет ететін пәндер.

Эдвайзер - тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгері қызметін атқаратын, оқыту траекториясын таңдауға (жеке оқу жоспарын қалыптастыруға) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламасын меңгеруге жәрдемдесетін оқытушы.

Тьютор - белгілі бір пәнді игеру бойынша студенттің академиялық кеңесшісі ретінде әрекет ететін оқытушы.

Трансферттің (аударымның) және кредиттерді жинақтаудың Еуропалық жүйесі (ECTS) – білім беру бағдарламаларының компоненттеріне (пәндерге, курстарға, модульдерге) кредиттік бірліктерді (кредиттерді) беру тәсілі, олардың көмегімен білім алушылар меңгерген оқу пәндерін (кредиттермен және бағалармен) салыстыру және қайта есептеу білім беру траекториясын, оқу орнын және оқу елін ауыстыру кезінде жүзеге асырылады.

Жеке оқу жоспары - үлгілік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушылардың әрбір оқу жылына дербес қалыптастырылатын оқу жоспары.

Оқу жұмыс жоспары - білім беру ұйымдары мамандықтың үлгілік оқу жоспары және

ОҢТҮСТІК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Е 406-2026
"Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" АҚ ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есептеу тәртібі туралы ереже		3-ші басылым 11 беттің 7 беті

білім алушылардың жеке оқу жоспарлары негізінде дербес әзірлейтін құжат.

Үлгілік оқу жоспары - білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасының оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оларды зерделеу тәртібі мен бақылау нысандарын регламенттейтін құжат.

Кредит (Credit, credit-hour) - білім алушының/оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің бірыңғай бірлігі.

Кредиттік оқыту технологиясы - білім алушы мен оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің бірыңғай бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім алушылардың пәндерді оқу реттілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту.

Білім алушылардың оқу жетістіктері - білім алу процесінде алған және жеке тұлғаның қол жеткізілген даму деңгейін көрсететін білім алушылардың білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері.

Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық - рейтингтік әріптік жүйесі-халықаралық практикада қабылданған цифрлық баламасы бар әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балдардағы оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі.

Үлгерімнің орташа балы (Grade point Average - GPA) - таңдалған бағдарлама бойынша білім алушының бір оқу жылындағы оқу жетістіктерінің деңгейін орташа өлшенген бағалау (пәндер бойынша аралық аттестаттауды бағалау балдарының цифрлық баламасына кредиттер туындылары сомасының ағымдағы оқу кезеңіндегі кредиттердің жалпы санына қатынасы).

Транскрипт - кредиттер мен бағаларды әріптік және цифрлық түрде көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде игерілген пәндердің тізбесін қамтитын құжат.

Академиялық адалдық — бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы;

- жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет;

- жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам;

- жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

ISO- Халықаралық стандарттау ұйымы

СТ- сапа менеджменті жүйесінің стандарты

3 ПРОЦЕСТІҢ СИПАТТАМАСЫ

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Е 406-2026
"Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" АҚ ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есептеу тәртібі туралы ереже		3-ші басылым 11 беттің 8 беті

Білім алушылардың академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету және еуропалық білім беру кеңістігінде білім беру бағдарламаларын (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейлері мен нысандары) тану үшін қазақстандық кредиттерді ECTS кредиттеріне қайта есептеу қажет.

ECTS - (European Credit Transfer System) – кредиттерді аудару мен жинақтаудың Еуропалық жүйесі - бұл білім беру бағдарламасының компоненттеріне (пәндерге, курстарға, модульдерге) кредиттік бірліктерді (кредиттерді) беру тәсілі, оның көмегімен білім алушылардың білім беру траекториясын, оқу орнын ауыстыру кезінде меңгерген оқу пәндерін (кредиттермен және бағалармен) салыстыру және қайта есептеу арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011.20.04. № 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру Қағидаларының 4-бөлімі негізінде ОҚМА АҚ-да ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есептеудің мынадай тәртібі айқындалған.

ECTS шенберіндегі академиялық несие - бұл аудиториялық сабақтарда да, өзіндік жұмыс кезінде де пәнді оқудың еңбек сыйымдылығының өлшем бірлігі. Бір ECTS несиесі 25-30 академиялық сағатқа тең.

Жалпы оқу жүктемесі аудиториядан басқа студенттердің өзіндік оқу жұмысының келесі түрлерін қамтиды: эсселер, рефераттар, курстық жұмыстар (жобалар), зертханалық жұмыстар, ағымдағы, аралық және қорытынды бақылаудың әртүрлі түрлері бойынша дайындық, материалдар жинау және дипломдық жұмыс (жоба) жазу.

ECTS бір оқу жылындағы оқу жұмысының жалпы еңбек сыйымдылығын 60 кредитке бағалайды (семестрде білім алушы 30 кредит жинайды). Оқу жылының ұзақтығы 30 апта және 6 апта емтихан тапсыруға (қорытынды бақылау) бөлінеді.

Еуропа елдерінде бакалавриат дәрежесін алу үшін оқу ұзақтығы 3 жылдан 4 жылға дейін және сәйкесінше 180-240 кредиттік бірлікті алуды талап етеді.

"ОҚМА" АҚ-да Қазақстан Республикасының кредиттерін ECTS кредиттеріне қайта есептеу және кері аудару коэффициенттері негізінде жүзеге асырылады.

ECTS кредиттерін Қазақстан Республикасының кредиттеріне қайта есептеу ECTS кредиттерін әр пән бойынша 1 ECTS кредитінің толымдылығына және білім беру бағдарламаларының деңгейіне байланысты аударым коэффициентіне бөлу жолымен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы кредиттері = ECTS кредиттері / 1,5 немесе 1,8 (бакалавриат)

Қазақстан Республикасы кредиттері = ECTS кредиттері / 2,0 немесе 2,4 (бейіндік магистратура)

Қазақстан Республикасы кредиттері = ECTS кредиттері / 2,5 немесе 3,0 (ғылыми-педагогикалық магистратура)

Қазақстан Республикасы кредиттері = ECTS кредиттері / 3,5 немесе 4,2 (докторантура)

ECTS шкаласы А – дан Е-ге дейінгі 5 оң бағаны, түзетуге болатын FХ бағасын және несиесіз F бағасын қамтиды.

Қазақстан Республикасының шкаласы А-дан D-ге дейінгі 10 оң бағаны және кредитсіз бір қанағаттанарлықсыз F бағасын қамтиды (1, 2-кесте).

Қазақстандық кредиттерді ECTS кредиттерге қайта есептеу кезінде (егер ECTS кредиті =25 сағат болса) кредиттер саны аз жағына дөңгелектенеді, өйткені есептеу кезінде аударым коэффициенттерінің ең жоғары мәндері алынады.

ОҢТҮСТІК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Е 406-2026
"Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" АҚ ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есептеу тәртібі туралы ереже		3-ші басылым 11 беттің 9 беті

Қазақстандық кредиттерді ECTS кредиттеріне қайта есептеу кезінде (егер ECTS кредиті =30 сағат болса) кредиттер саны үлкен жаққа дөңгелектенеді, өйткені есептеу кезінде аударым коэффициенттерінің ең төменгі мәндері алынады.

Академиялық ұтқырлықты жоспарлау және ұйымдастыру кезінде қазақстандық жоғары оқу орындары ұтқырлық бағдарламалары туралы ақпаратқа ие және келген кезде кредиттерді қайта есептеу жүргізілуі үшін білім алушыларға қажетті бағдарламаны ұсына алады.

Кредиттерді қайта есептеу басқа қазақстандық жоғары оқу орындарының білім алушылары үшін оларды бір жоғары оқу орнынан екінші жоғары оқу орнына ауыстыру кезінде де қажет. Әрбір ЖОО өзінің білім беру бағдарламаларын (яғни пәндер, кредиттер) дербес ұйымдастырып, жоспарлайтындығына байланысты факультеттің Ғылыми кеңесі белгілі бір пәндерді/кредиттерді қайта есептеу туралы шешім қабылдайды.

Кесте 1.

ECTS бойынша бағаларды білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне ауыстыру кестесі

ECTS бойынша баға	Әріптік жүйе бойынша баға	Баллдардың цифрлық эквиваленті	% мөлшері	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	A	4,0	100	Өте жақсы
B	B+	3,33	85	Жақсы
C	B	3,0	80	
D	C	2,0	65	Қанағаттанарлық
E	D	1,0	50	
FX, F	F	0	0	Қанағаттанарлықсыз

Кесте 2.

Балдық-рейтингтік әріптік жүйенің бағаларын ECTS бойынша бағалауға аудару кестесі

Әріптік жүйе бойынша баға	Баллдардың цифрлық эквиваленті	% мөлшері	Дәстүрлі жүйе бойынша баға	ECTS бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы	A
A-	3,67	90-94		
B+	3,33	85-89	Жақсы	B
B	3,0	80-84	Жақсы	C
B-	2,67	75-79		
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық	D
C-	1,67	60-64		
D+	1,33	55-59		
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлық	E
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	FX, F

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Е 406-2026
"Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" АҚ ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есептеу тәртібі туралы ереже		3-ші басылым 11 беттің 10 беті

4 БИБЛИОГРАФИЯ

1	Қазақстан Республикасының "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.
2	"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы
3	"Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы
4	"Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы
5	"Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы
6	Академиялық адалдық кодексі К 121-2023
7	«Е 507-2026. «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі»

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Е 406-2026
"Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" АҚ ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есептеу тәртібі туралы ереже		3-ші басылым 11 беттің 11 беті

Әзірлеген:

Қызметі	Аты-жөні
Тіркеу офісі басшысы	С. Сыздыкова

Тексерген:

Қызметі	Аты-жөні
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Н. Ержанов
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О. Кабиштаев

Келісілген:

Лауазымы	Аты-жөні
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	М. Анартаева
Комплаенс-офицер	Н.Пернебаев